



Бекітемін:
Мектеп директоры
К.Күшеноғұл

2024 ж

Күшеноғұл

Келісемін: *Мансура*

Оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
Байжуманова М.Е
«29» 08 2024 ж

Сарыозен негізгі орта мектебінің жаңынан ашылған шағын орталық «Еркетай» ересек

тобының 2024-2025 оқу жылына арналған

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

(4 жас)

Тәрбиеші: Күшкембаева А.Е

2024-2025 оқу жылы

Түсінік хат

2024–2025 оку жылында Сарыөзен негізгі орта мектебінің жаңынан ашылған шағын орталықтағы «Еркетай» ересек тобы балаларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың перспективалық жоспарын құрастыруда төмендегі нормативті-құқықтық күжаттарды басшылыққа алды:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндettі Стандарты;
 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 1,2,3 - қосымшасы;
 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндettін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (2022 жыл 14 қазан №422 бұйрық өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;
 - «2024-2025 оку жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды топтарында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты («Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми – әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды 2022 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттама. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын менгеру мерзімі бір жас тобында – 1 жыл. Күтілетін нәтижелері перспективалық жоспарда әр айда көрсетілген.
1. Физикалық қасиеттерді даму - дene шынықтыру аптасына үш рет
 2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту - сейлеуді дамыту, көркем әдебиет күн сайын, қазақ тілі аптасына бір рет.
 3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту - математика негіздері күн сайын.
 4. Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту – сурет салу, мұсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын, музика аптасына екі рет. Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру – қоршаған ортамен таныстыру күн сайын.



Бекітемін

Мектеп директоры

К.Күшеноғұл

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және

Мектепке дейінгі тәрбиесмен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде

2024-2025 оку жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру үйімі: Сарыөзен негізгі орта мектебі

Топ: «Еркетай» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Дене тәрбиесі	<ul style="list-style-type: none">Негізгі қимылдар: жүруді жүгірумен алмастырып жүру; бөрененің бойымен журу, қолды екі жаққасозып, жыланша жүгіру; 50 сантиметр білктікте ілінген арқанын астынан еңбектеу; төрт тағандап еңбектеу, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан).Ырғактық жаттығулар: Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бұгу және жазу, төмен түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру.Қимылды ойындар: Секіргіштермен ойналатын қимылды ойындар.Салауатты өмір салтын қалыптастыру: Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған ісәрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, сұық тимеудің алдыналуға болатынын түсіну.
	Сөйлеуді дамыту	<ul style="list-style-type: none">Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Дикция бойынша жұмысты жалғастыру.Сөздік қор: Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар,

	<p>киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, он, қатар, жанында, арасында) бекіту.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Тілдің грамматикалық құрылымы: жекеше және көпше түрде сөздерді қолдануға үйрету. - Байланыстырып сөйлеу: бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға үйрету.
Көркем әдебиет	<ul style="list-style-type: none"> - Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға үйрету. - Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. - Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.
Математика негіздері	<ul style="list-style-type: none"> - Сан, санау: тенденциялық туралы ұғымдарды қалыптастыру. - Шама: Салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, - Геометриялық пішіндер: Сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атаяу (ұзындау-қысқалау, кендеу-тарлау).
Музыка	<ul style="list-style-type: none"> - музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету, әнді тыңдауға ынталандыру, - жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. - Аспаптың сүйемелдеуімен ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды езгертуді үйрету. - Женіл, ырғақпен қозғалу; жүппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.
Құрастыру	<ul style="list-style-type: none"> - Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау - Қағаздан құрастыру: Қағаздың қырларын біріктіру, желімдеуге үйрету. - Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып құрастыру.

	Сурет салу	<ul style="list-style-type: none"> - Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты колдау. «Қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі» элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сактауды. - Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сзықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сзықтарды жүргізуі. - Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты колдау.
	Мүсіндеу	<ul style="list-style-type: none"> - Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. - Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдануды. - Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құруды, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісуді үйретуді жалғастыру.
	Жапсыру	<ul style="list-style-type: none"> - Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. - Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылықабілетті, киялды дамыту. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. - Тұзу сзық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиоды үйрету. - Тар жолақтарды көлдененінен қиоды, шаршының бұрыштарын қиоды үйрету.
	Коршаған ортамен таныстыру	<ul style="list-style-type: none"> - Бала, оның отбасы, үйі: Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынталын, қызығушылығын арттыру). Заттық әлем: Көлік турлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) туралы білу. - Еңбекке баулу: наң салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлыштарды, ас күралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қою. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, ауладағы гулдерді суару, қыстайтын құстарды коректендіріу. - Өсімдіктер әлемі: Өсімдіктердің даму кезендері (тұқым, көшет, сабақ, жапырак, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру - Жануарлар әлемі: қыста - құстарды коректендірудің қажеттігі, - Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормалары: Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сактау.